

# ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӘОЖ 821.512.122

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

## **Ыбырай Сандыбайұлының өнерпаздық өмір жолының зерттелуі, жиналуы жайлы ой-толғау**

Дарынды ақын, әнші және композитор Ыбырай Сандыбайұлының өмірі мен қызметі жөніндегі деректер жалпыланған. Оның жан-жақты таланты ерте байқалғаны көрсетілген. Өзінің суырып салма ақындық талантының, керемет даусының, композиторлық қабілетінің арқасында жас кезінің өзінде-ақ ақынның халық арасында танымал бола бастағандығы дәлелденген. Тірі кезінің өзінде-ақ аты аңызға айнала бастағанымен, ол өз өмірінде көптеген қайғы-қасіретке толы қиындықтарға душар болған еді. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарының басында көрнекті ақын қуғын-сүргінге ұшырап қудаланды. Ыбырай Сандыбайұлының жарқын да қайғылы тағдыры халық есінде терең із қалдырғаны көрсетілген. Қазақ әдебиетіндегі осы таңғажайып адамның бейнесі повестер, новеллалар, мақалалар, драмалар, поэмалар жасауға негіз болатыны жөнінде қорытынды жасалған.

*Кілтті сөздер:* ақын, әнші-композитор, гәкку, шалқыма, шығармашылығы, өнер, зерттеу, тұлға, талдау, шәкірт.

### *Kipicne*

Ыбырай Сандыбайұлы — қазақ халқының дарынды композиторы, алдына жан салмай өткен дүлдiл әншісі. Бірақ Үкілі Ыбырайды тек қана ұлы композитор, бұлбұл әнші деп қоймай, көркемдігі мен кемелдігі мол дүлдүл ақын деп қараған жөн. Ал, ел қамын жеп, ақындық сөзбен айтысқа түскен біртуар ақын үшін, ескерткіштің ең үлкені — артында қалған шығармаларын толық жинастырып, ел қолына беру.

Өйткені Ыбырай шығармашылығы мен өмірі біз үшін бейтарап күй кешетін қатардағы қалыпты дүние емес. Қазақ халқының ән өнерін жаңа сапалық сатыға көтеріп кеткен, ақырында Қызыл империяның қолынан мерт болған Үкілі Ыбырайдың қашанда бір ауыз сөзі болса жерде қалдырмай ықтияттап теріп алып жүретін құндылықтар.


Өкінішке орай, Біржан, Ақандай емес, оқта-текте болмаса Ыбырайдың есімі мен ғұмыр жолы зерттеп, зерделеуде жетімсiреп, кенжелеп жүргендігі жасырын емес. Үкілі Ыбырайдың тағдыр-талайы Біржан сал, Ақан сері тарихымен тамырлас болғанымен, сабақтас бола алмады. 1917 жылғы Қазан төңкерісі, одан кейінгі большевиктік нәубеті, тоқпақты тоталитарлық жүйе шын жүйіктің шабысына тұсау салды. Төкпе ақынның дарынды талантын ауыздықтап бақты. Ақыры, ол «Үштіктің» шешімімен шаһит кешті.

Содан бергі жылдарда ұлы әнші, асқақ композитор, суреткерлігі мол, адуынды ақынның мұралары іргелі (фундаменталды) зерттеуге түспей, тиіп-қашпа хал кешті. Әндері мен өлеңдері, айтыстары бір жүйеден желі тауып, қағазға түспей келеді. Ел ішінде Ыбекең айтты дейтін шашырап жүрген шумақтар, қағытпа өлеңдер аз ұшыраспайды.

Тек соңғы жылдары ғана Ыбырайдың кейбір әндерін халық әні деп, кейбір әндерін әлдекімдігі деп сақтаса да тәуелсіз Қазақстан дүлдүл ұлына құшағын кеңдеу ашуда. Бұл күндері Ыбекеңнің әндері өзіне қайтарылып келеді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, біз Үкілі Ыбырайдың ақындық, композиторлық, әншілік ерекшеліктерін сөз етпекке бой ұрдық. Және ақынның ата-тегіне, өмір сүрген жылдарына тоқтала кеткенді жөн көрдік.

Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының ата-тегі



*Ыбырай Сандыбайұлы — текті әулеттен шыққан табиғи дарыны мол өнерпаз*

Үкілі Ыбырайдың руы — Арғын тайпасына жататын Қарауыл. Оның ішінде — Құрманқожа [1; 309].

Құрманқожа ұрпақтарын (Есенбай, Қараша, Қоңырша, Ананай) «қырдағы төрт ата Қарауыл» деп айтады. Құлынша ұрпақтарын (Көшеннің балалары — Атқы, Жауар, Мөңтік, Сары) «ойдағы төрт ата Қарауыл» деп атап кеткен. Осы ұрпақтардың ата-бабасы — Ақкісі (жоғарыдағы схеманы қара.).

Ыбырайдың арғы атасы — Сәбден батыр он саусағынан өнер тамған зергер болған. Өз әкесі Сандыбайдан Бөбіш (қыз), Шалғымбай, Ыбырай туған... Сандыбай дәулеті дөңгелек, ұсталықпен күн көрген адам. Ол шалқып жатқан бай болмаса да, Ыбырайдың жастайынан өнерге деген ынтасына кедергі болмаған [2; 52].

Кәкімбек Салықов ағамыздың осы шежірені толықтырған деректері мынадай: «...Маңдайдан тараған Асайыннан Смағұл, Мырзағұл тараса, Мырзағұлдан ақын Мұса туды, оның шешесі Бағи ағам — менің шешемнің туған апасы. Мұса керемет әнші болса, оның әкесінің ағасы Смағұл ақсақал әрі ұста, әрі зергер еді. Ол кісіні көрдім. Зергердің Сталиннің 70 жасқа толуына арнап, өте кішкентай герб жасап Мәскеуге жібергенін білуші едім. 1950 жылы орта мектепті бітіріп, Түсті металл және алтын институтында оқып жүргенде Мәскеудегі «Сталинге сыйлықтар» мұражайында Смағұл карттың алтын мен күмістен жасап жіберген, өте әдемі гербін көрдім. Мұса бабасына тартып, асқақ әнші, шешен де тапқыр айтыс ақыны болып, Жамбыл атамыздың 125 жылдығына арналған республикалық айтыстың жеңімпазы атанып, елге танылды. Әбіле — оқыған кісі, Шыңғыс төренің хатшысы болып қызмет істеген. Ыбырай ерте жастан әнге, өлеңге бейім екен. «Айналайын айран, неге бұрын келдің шайдан, қатындардан таяқ жеп, айырылыпсың ғой майдан», — деген сияқты әзіл-қалжыңдары ерте тарапты» [3].

Ал жазушы Төлеген Қажыбай «Атам аштықтан өлген», — дейді Үкілі Ыбырайдың немересі деген мақаласында Ыбекеннің ұрпақтары туралы келесідей қызық деректер келтірілген: «...Сонау Жезқазған жақтан атақты әнші-композитор, сал-серілердің Арқа алабындағы соңғы өкілі, ұлы «Гәкку», қыздырмалы «Қызыл асық», «Толқын» әндерінің иесі кәдімгі Сандыбайдың Ыбырайының үлкен ұлы Есептің кенже қызы Қапия Көкшетауға көшіп келіпті деп естідік. Естігеннен-ақ елендедік.

...Сонан Қапия апамызға телефон шалып, Көкшетаудың Васильков мөлтек ауданындағы оның ұядай ғана шағын пәтеріне келдік.

— Мына бір қағаздар атамды ақтап алу үшін Жоғарғы Сотқа, Президентке жазған өтініштер ғой. Ал мыналар солардан келген жауаптар, — деп Қапия апамыз бір бума қағазды алдымызға тастады.

Тілсіз қағаздарға тіл бітті. Сөйлеп кетті. Үкілі Ыбырайды Тілегенов Сағи, Кекешев Хұсайын, Күдербеков Молдахмет, Өжібаев Сақай, барлығы бес адаммен тұтқындап, 1930 жылдың 30 қарашасында Солтүстік Қазақстан облысының ОГПУ-і үкім шығарған. ОГПУ-дің Октябрь ауданындағы өкілі артынан мемлекет қайраткері болған Жұмабай Шаяхметовтың болғандығын да сол қағаздардың ішінен білдік.

Үкілі Ыбырай, Сағи, Хұсайын ату жазасына кесіліп, Молдахметке бес жыл, Сақайға он жыл берілген. Бұлар атақты 58-баптың 8, 10 және 13-тармақтарымен сотталған. Ол жаңа өкіметке қарсы үгіт тарату, мемлекеттік төңкеріс ұйымдастыру, шет елмен шпиондық байланыс орнатуға атсалысқандық болып табылады.

Үкілі Ыбырайдың тәркіленген мал-мүлкі тізімделіп, хатталған. Онда ішінде бір құлынды биесі бар, төрт жылқы, бір бұзаулы сиыр, бір тайша, киіз үй, жертөле, барлық құны 625 рубльге бағаланған мал-мүлік тіркеліпті...

Үкілі Ыбырай тағдырына қатысты кейбір құжат-қағаздармен танысқан соң әңгіме арнасын Қапия Есепқызына бұрдық.

— Атам Үкілі Ыбырайдың бірінші әйелінен менің әкем Есеп, Есентемір, Өстемір туады да, екінші әйелі Дәметкеннен Мәруа өмірге келеді. Әкем Есеп пен анам Қайныштан Тұрғын, Елемес және мен Қапия, және бір ұл Әшімтай туады. Есентемір халық жауының баласы ретінде Қарағандыға жер аударылып, шыңырау шахтаға түсті. Сонда жүріп штрек астында қалып, мерт болды. Өстемір ағамыз Қызылжарда судья болып жүріп, ерте дүние салды. Әкей 77 жасында өмірдің тегеурінді темірдей талқысына түсе жүріп, бақиға озды. Артында қалған біздердің де тірлігіміздің түтіні оңынан шалқымады. Қайда барсақ та «халық жауының» ұрпағы деп көзге түрткі болдық. Жығылғанға жұдырық, ол тұста тұрмысымыз да өте ауыр болды.

— Атаңыздың ұсталуы жайында не естіп білдіңіз?

— Әкем Есептің үйіне ауылдың Шілтікен, Қожан, Шаяхмет деген шалдары жиі келетін. Атамның әндерін айтқанда, сыртқа қарауыл қоятыны есімде. Әжем Дәметкен атамды әкелерде ауданнан төрт

адамның келгенін, іле үйді тінтіп, астан-кестенін шығарғандығын айтатын. Сонда қаға берісте сандық түбінде ораулы жатқан тайтұяқ алтынды қолтығыма қыса қойдым деуші еді, жарықтық!

– Үкілі Ыбырайды басында ату жазасына кескенімен артынан он жылға ауыстырып, ит-жеккенге жер аударды деген әңгіме құлағымызға тиген еді. Бұл мәселенің анық-қанығы әлі жұмбақ...».

Көрсетілген мәліметтерге біздің қосатынымыз, Үкілі Ыбырай дүниеге келген аймақта Арыстан, Орынбай, Шал, Тезекбай, Нүркей, Біржан сал, Ақан сері, Тоғжан, Шәрке сал, Нүрке сері, Балуан Шолақ сынды аузынан дүрлер төгілген ақындар, жыраулар, аспандағы аққуға үн қосқан біртуар әнші-композиторлар туған.

*Үкілі Ыбырайдың туған, өлген жылдары жайлы мәліметтер*

Ыбекең туралы алғашқы сыр шерткен классик жазушы Сәбит Мұқанов. Сәбеңнің айтуынша, Ыбырай Сандыбайұлы 1856 жылы туған делінетін. Одан кейін жазушы ағамыздың тірі кезіндегі белгілі ғалым-мамандар (Б.Ерзакович, Е.Байболов т.б.) ақынның туған жылын Сәбене сүйеніп, 1856 жыл деп жазып жүрді.

«XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті» деген кітапта: «...Ақынды жасынан жақсы білетін жақын жолдасы Молдахмет Ержановтың айтуына қарағанда, Ыбырай 1856 жылы туды деген шама дұрыс. Ал 1930 жылы ұсталып, содан қайтпағанын еске алсақ, оның 1932 жылы 76 жасында қайтыс болғаны расқа шығады» [2; 52], — деп көрсетілген.

Көкшетауда тұратын жазушы Естай Мырзахметұлы өзінің көлемді мақаласында былай толғанады: «...Сұқбаттасқан ақсақалдардың барлығы бір ауыздан Ыбекең жетпіс екі жасында кетті дегенді айтқан болатын. Соның ішінде ерекше сенімдісі Қайныш кейуананың:

– Атам жарықтық кәміл жетпіс екі жасында ұсталды, — деп жанарын жаспен шылағаны көз алдымда қалған еді.

Сондағы естігенімді түбірлей зерделеу үшін аты-шулы істе Ыбекең жасына қатысты деректерге шүкшия назар тіккенмін. Сондағы көзім анық жетіп, көңілімді берік сендіргені — Ыбекең тергеушіге берген жауабында «жасым жетпіс екіде» дегені, келесі тергеуде «72 года» деп көрсетілгені, ең ақырында «Үштіктің» үкімінде «72 лет» деп тайға таңба басқандай жазғаны-тұғын.

Осының бәрін таразыға тарта келгенде күмәнсізі Ыбырай 1858 жылы туып, 1930 жылы шаһит кеткені еді!...» [4].

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықов 2003 жылы жарық көрген еңбегінде өз ойын былай тұжырымдайды: «Быттырғы жылы «Егемен Қазақстан» газетінде Үкілі Ыбырайдың туған жылын қисынды түрде анықтайтындай етіп, дәйекті дәлелдерімен, ақылға сиятын үйлесімді деректермен белгілі жазушы, тарихшы Көкшетауда тұратын ардақты ағамыз Естай Мырзахметов үлкен мақала жазыпты. Автордың бұл дүниесінің үлкен диссертациядай құндылығы бар екен. Келтірілген деректері — хабарлама алдым деп атаған Үкілі Ыбырайдың жұрағаттары. Әсіресе келіні мен Әштай атты немересін мен анық білемін. Шындықтың дәл өзі. Естай ағамыз қорытынды сөзінде Ыбырай 1858 жылы туды, ұсталғанда 72 жаста еді деген тұжырымға тоқтапты. Мен бұл шешімді мұқият қолдаймын, Молдахмет Тырбиев атамның да: «Ыбекең ұсталған жылы 72-де еді», — дегені есімде. Қасым Қайсенов ақсақал айтқандай: «Ағалар-ай, тірі жүріндерші», — дегім келіп, кездескенде Есекеңе рахметімді айттым. Үкілі Ыбырай жайлы ресми деректерден алған көптеген мағлұматтарды жариялаған заңгер Сұлтанбек Әміржанов та осы жылды атайды.

Қалай десек те, Ыбырайдың өмірі мен өнерін жақсы білетін Көкшетауда осы Есекең және белгілі ақын, драматург Төлеген Кажыбаев бар. Төлеген екеуіміз де әрлі-берлі ой тоғыстырып, Естай Мырзахметов дәлелдеген 1858 жылды Үкілі Ыбырайдың туған жылы деуге даусыз көндік. 1956 жылы Үкілі Ыбырайдың үлкен ұлы Есеп Ұлытау маңында тұратын қызы Тұрғынды іздеп келгенде «Жезқазған-Рудник» деген жердегі менің үйімде армансыз екі күндей әңгімелесті. Жиендері — ақын Тайжан әулетін аралап жүріп бір кісінің сұрағына жауап бергенде: «Әкем ұсталғанда 72-де», — дегені бар. Жезқазғанда тұратын Үкілі Ыбырай тақырыбына белсене атсалысып жүрген көкшетаулық заңгер, белгілі публицист Манап Мұқанов та осы шешімді мақұлдайды.

Осы тұжырымды ел болып қолдап Үкілі бабамыздың келешек мерекелерін, басқа да аты аталатын жазбаларда Ыбырай Сандыбайұлы 1858 жылы туып, 1930 жылы қайтыс болды деген тұжырымды ұстанайық демекпін [5; 9].

Қ.Жүзбасов пен З.Қоспақов 1995 жылы «Өнер» баспасынан шыққан «Гәкку» атты жинақта ұлы композиторды 1860 жылы туды дегенге көшті. А.Жұбанов «Замана бұлбұлдары» деген туындысында: «Ыбырай 1860 жылы бұрынғы Көкшетау уезі, № 5 ауылда туған» [6; 184], — деп көрсетті. К.Салықов

2010 жылы жарық көрген «Үкілі Ыбырай» атты мақаласында былай жазды: «Ақынның туған жылын 1858 жыл деушілер де болды, оған мен де біршама қосылып қалып едім, ол райдан қайттым. Төрт көзіміз түгел, аталарымыз, әкелеріміз аман кезінде академик Ахмет Жұбанов 1860 жылға тоқтаған екен. Осыны жөн көрдім» [7; 8].

Сонымен, осы уақытқа дейін Ыбырай Сандыбайұлының туған, өлген жылдары әр түрлі жазылып жүр.

*Ақан серінің Біржан салға жас Ыбырайды алғашқы таныстыруы*

Сұлу Көкшенің сал-серілік мектебі дегенде Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай қатар аталады. Бұл үш дүлдүлдің ішіндегі үлкені Біржан Қожағұлұлы.

Жас жағынан Ақан сері Ыбырайға жақындау тұрғандықтан, бір жиында көш бастар ағасы Біржан салға жас дарынды арнайы кездестіріп, таныстырыпты. Ә, дегеннен сал бабамыз көп тамсана қоймаса керек. Оны сезген Ақан сері: «Ыбырайжан-ау, аруақты ағаның алдында қысылып отырсың-ау, сен қой оны, босат аттың басын, сескенбе, ұялма», — деген көрінеді. Сонда арқасына өткір қамшы тиген аттай ышқынып, алты қырдың астына еркін жетердей дауысын әрі әсем, әрі еркін шығарып, осы жиынға әдейі дайындап әкелген «Шалқыма» деген әнін [8] орындайды:

*Өлеңмен екі өкпеңді қалқытайын,  
Ал, қорғасындай денеңді балқытайын.  
Біржанға салып берген әнім еді-ау,  
Азырақ «Шалқымамды» шалқытайын.*

*Өлеңмен болдым таныс ой мен қырға,  
Құлақ салып, халайық, әнімді тыңда.  
Біреуге айдай алмас малды беріп,  
Мол қылған ән, өлеңмен мені жырға.*

*Өлеңмен талай жерді тегістедім,  
Ой, қадір білмес адаммен келіспедім.  
Атығай, Қарауыл мен Керей, Уақ,  
Сен алуа мен бір тауық жеміс тердім.*

Бұл әннің бітісі басқа әндерден ерекше. Орындаушы дауыстың шыңына шығып, әннің атындағыдай «шалқып», тасып, өлеңнің шумағының үшінші жолынан бастап төмен түседі де, қоңыр үнмен жүріп отырып, аз уақыт жоғары өрлей түсіп, бірақ тез кейін қайтады. Сөзсіз тек уілдеп келетін қайырмасы құбылып, біркелкі дыбыс белесінде кідіріп тұрып барып бітеді.

Қос көсемнің алдында Ыбырай жаңа туып, көкірегін кернеп жүрген «Гәккуін» де төгілтіп береді. Ержүрек затына тартып, тәуекелге бел байлайды.

Біржан сал бір кереметті шапшаң сезе қалғандай, шыдай алмай: «Бәрекелді, Ақан ағаң мақтаса мақтағандай екенсін», — деп батасын беріпті. Содан соң аз толғанып отырып: «Ақан-ау, жылқының перісі Құлагер болса, әншіліктің перісі осы Ыбырай болар. Ат тұяғын тай басқаны осы да, бұл бүйте берсе, ертең-ақ екеумізден асып түседі», — депті [5; 9].

Үкілі Ыбырайдың мүлтіксіз ашық, өткір асқақ дауысы Біржан сал мен Ақан серіні осылай таң қалдырыпты. Екеуі да: «Біздің өнерімізді жалғастыратын, байтақ елге жаятын, алдағы күндерге әдемі күйімен күмбірлете жеткізетін сұңқарша саңқылдаған Ыбырайымыз бар», — деп марқайысыпты.

*Ыбырайдың өнерін Сәкен Сейфуллиннің жоғары бағалауы*

1925 жылы Сәкен Сейфуллин Бурабайға келеді. Сонда Ыбыраймен кездеседі. Екеуі Оқжетпестің баурайында отырып, біраз әңгіме шертеді. Сол арада Ыбекең өзінің атақты «Көкше» әнін [9;103] шығарады:

*Арқаның асау туған ардагері,  
Кім сүйіп, кім жырламас, Көкше сені,  
Суың бал, шөбің шүйгін, қойының ырыс,  
Жиһанда, бағаң артық сен бір сері.*

*Жоталы жер кіндігі Көкшетауым,  
Ән, күйге толы екен зой омырауың,  
Артынан дабыл қағып, осы әнімнің  
Сытырып ұшырайын балақ бауын, —*

дейтін ән аса кербез. Тыңдаушыны еріксіз ертіп алып кетеді.

Сәкеннің поэзиясы Ыбырайға қатты әсер етеді. Сәкен де Ыбырайдың өлең-жырларына қайран қалып, тамсанады. Өзі әнді сүйетін, тамаша орындайтын адам, Ыбырайдай әншінің қасиеттерін жоғары бағалайды.

«Көкшетау» поэмасында [10] Үкілі Ыбырайдың ақындығы мен әншілігін көтере мадақтауы соның айғағы.

*Әниі бар Көкшетауда талай ірі,  
Ыбырай топ жарғанның о да бірі.  
Қаңбақша қыз-бозбала қағып алып,  
Жайылған талай әсем ән мен жыры.*

*Өзі ақын, ән шығарғыш, домбырашы,  
Сауықтың жан думаны, болған пірі.  
Ақырып арыстандай, ән салады  
Ыбырай жүйрік тарлан әлі тірі.*

*Кең алқым, кең көмейлі, даусы керней,  
Ақырмай ән салмайды, көкірек кермей.  
Астына алты қырдың естіледі  
Шырқаса екіленіп құлаш сермей.*

*Ән салса, алқымы ісіп күйқылжиды,  
Бәйгі атыша, алып қашқан ырық бермей,  
Айнала айдын көлге естіледі  
Жаңғырып керней даусы аспанға өрлей.*

*Қапсағай, қыр мұрынды, арыстандай  
Жаратқан, дүлдүлмен де жарысқандай.  
Әуелі қалтыратқан күркір дауыс,  
Тіресіп дауылменен қарысқандай.*

*Әні бар «Гәкку» деген аңқылдаған  
Аққудай айдын көлде қаңқылдаған.  
«Гідігай», «Қалдырған» мен «Маңмаңкерін»  
Ырғалтса, керней дауысы саңқылдаған.*

*Мазақтап байдың қашқан «керекесін»  
Советтің еңбекші елге сыйын көріп,  
Советтің губерналық жиынында  
Ән шырқап құттықтаған мерекесін.  
Советтің еңбекші елге сыйын көріп,  
Отарба, машиненің биін көріп,  
Екеуін өлең қылды «Отарба» әнмен  
Гулеген Көкшетаудың күйін көріп.*

*Туса егер, өнерлі елде бақтарына  
Білім ап жүрсе бәрі баптарында:  
Біржан сал, Ақан сері, Ыбырайлар,  
Алмас ед Шаляпинді қапталына, —*

дейді. Ыбырайдың дауысын, оның орындаушылық дарынын, әндерінің бірегейлігін жақсы келтіреді. Оның басқа әнші ағаларындай оқи алмай қалғанына күйінеді.

*Сәбит Мұқанов — Ыбырайды ерте танып, ол туралы артына сөз қалдырғандардың бірі*

Ыбырай Сандыбайұлының өлендерін газетке жариялап, ақындық шығармалары туралы келелі пікір айтқан атақты жазушы С.Мұқанов.

Сәбең Ыбырайды алғаш рет 1913 жылы «Марьян жәрмеңкесінде» көреді. «Сол кезде ол жасының ұлғайғанына қарамастан, өз әндерімен жәрмеңкеге келген көпшілік қауымның көңілін көтерді. Мен оның күшті дауысына, орындаушылық шеберлігіне тәнті болдым», — деп еске алады әйгілі жазушы сол кездесуді.

Екінші рет Сәбең Үкілі Ыбырайды 1921 жылы өз ауылында кездестіреді. Онымен ұзақ әңгімелесіп, жағдайына қанығады. Оның ешқандай бай емес, кедей таптың өкілі екеніне көз жеткізеді.

Сәбит Мұқанов Ыбырай-ақын, Ыбырай-әнші туралы бірнеше көлемді мақала жазған. Солардың бәрінде Сәбең «Қазақ ауыз әдебиетінде және музыкасында Ыбырайдың орны үлкен» екенін дәлтейді.

Ақынның «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа» деген өлеңін 1924 жылы Сәбит Мұқанов Ыбырайдың өз аузынан жазып алып, «Қызыл Қазақстан» журналының сол жылы шыққан 7–8 сандарында «Қазақ әдебиеті хәм Ыбырай» атты көлемді мақаласының ішіне енгізді.

1925 жылы «Бостандық туы» газетінің 25 шілдеде шыққан 28 санында С.Мұқанов «Қарауыл Ыбырай ақын» деген тағы бір мақала шығарды. Онда ол Үкілі Ыбырайдың ақындығына мынадай баға берді: «Ыбырай Сандыбай баласы, түбі Қарауыл деген ел... Жас күнінде ескі оқумен имандығын білгендей білім алған. Қолына домбыра алып, топ жарып өлең айтқан уақытта сегіз жаста екен... Таза тіл, таза сөз, өлеңі үйлесімді, мағынасы терең, бас-аяғы жинақ, ұғымға жеңіл болған... Жай өлеңге шеберлігі қандай болса, Ыбырай әнге де сондай шебер. Дауысы өте зор кісі. «Жас күнімде дауысымды сегіз шақырым жерден естіп бозбалалар іздеп келді» деп айтады. Әннің сарыны салқын, тыңдаушыны ауырлатып, денеңе салқындық береді. Құлағына дүниедегі мұң біткен естіліп, жаныңды қалжыратқандай болады.

Әсіресе дауыс құбылыстарында өз дененді өзін билей алмай, отырған орнынан әннің ырғағына қарай тербеліп кетесің. Ыбырайда көңілге күлкі кіргізер ән атымен жоқ. Бәрі де толқымалы толқын. Кемең суға батқандай, отарбаң соқтыққандай ән артынан ауыр ойға қаласың» [11;6].

Бұл жерде Ыбырай Сандыбайұлының біраз өлендерінің кейінгі оқырманға Сәбит Мұқанов арқылы жеткенін ерекше айта кеткен жөн сияқты.

*А.Затаевичтің Үкілі Ыбырайдың кім екенін білу үшін сіңірген еңбегі*

Ыбырай әндеріне алғаш көңіл аударып, жазып алған Қазақстанның халық әртісі, белгілі композитор, халық әндерінің тұңғыш жинағын жасаған Александр Затаевич. Оның Ыбырай Сандыбаевқа берген бағасы көңіл аударарлық: «Ыбырай, Ақмола губерниясы Көкшетау уезінің профессионал әншісі Әбдірахман Бегимовтің айтуынша, жасы 65 келген қуақы, қалжыңқой шал көрінеді. Жас кезінде ерекше күшті, тамаша тенор даусы болыпты, сондықтан да оның өнеріне бас иіп құрметтеушілердің ішіндегі ауқатты біреулері Ыбырайға музыкадан білім бергізу үшін тіпті Петербургқа да алып барыпты, бірақ бұл ниетті жүзеге асыра алмаған.

Қарт Ыбырай үлкейіп кетсе де әнді тамаша салып, домбыраны да шебер тартады екен (1924 жылдың октябрінде). С.Сейфуллиннің айтуына қарағанда, жуырда Қызылжарда қазақ жастарының кешінде сахнаға шығып, өзінің «Қалдырған» атты (әрі мейлінше әсем) әнін шырқап берген екен. Бір қызығы, ол Сейфуллинге жас күнімде даусым жазық далада — жеті шақырым жерге жететін еді деп мақтана айтыпты» [2; 64].

1969 жылы Үкілі Ыбырайдың «Әндері» деген жеке жинағы жарық көрді. Әндерін жинап құрастырған, нотаға түсірген өнертану ғылымының докторы, профессор Б.Ерзакович пен Есім Байболов.

*Ақынның өмірі мен шығармашылық өнері хақында белгілі әдебиетші-ғалымдардың лебіз білдіруі*

Үкілі Ыбырайдың өмірі мен шығармашылық өнері туралы академик Ахмет Жұбанов пен Есмағамбет Ысмайылов, профессор Серік Негимов, Амантай Сатаев пен Илия Жақанов зерттеулер мен эссе-новеллалар жазды. Драматург Шахмет Құсайынов «Үкілі Ыбырай» атты драмалық

шығармасын сахнаға қойды. Әсіресе А.Жұбанов, Е.Ысмайылов пен С.Негимовтың сүбелі зерттеулері тарихи-әдеби деректерімен, мағыналы толғамдарымен құнды.

Ыбырайдың жыршылық өнері хақында А.Жұбанов мынадай мағыналы лебіз қалдырған: «...Ыбырай айналасындағы ағайын-тумаларының айтқандарына көнбей, ерте атқа мініп, жігіт болып, серілік жолға беттеген.

*Жігіт болдым он жетімде,  
Тыңда айтқан кебімді.  
Шаруадан бастартып,  
Сандыққа бұрдым бетімді, —*

дейді бір өлеңінде. Өзі «түс көрдім, маған әнші боласың деп, біреулер маңдайымнан сипады» деген. Ал, әкесінің жолын қууды да мақұл көрмей:

*Ағаштан арба-шана ие алмадым,  
Басыма тері бөрік кие алмадым.  
Әкеміз «қара мұрын ұста» атанған,  
Көмірге өзімді өзім қия алмадым, —*

дейді. Қысқасы, ұсталық еткісі келмей, әкесі барында, соның еңбегімен отбасының күнкөріп тұрғанын пайдаланып, ән, өлең қуып кетеді. Аты ерте шығады.

*«Сал» атандым он сегізде,  
Қайғысыз ендім бір теңізге.  
Он тоғызда оттай лаулап,  
Ойнақ салдым кемеңізге.*

*Жігіт боп жетіп қалдық жиырмаға,  
Кезегенге дәм үйден бұйыра ма?  
Өнерге өңмен салып ұмтылмасаң,  
Жастықта нәпсі, шіркін, тыйыла ма, —*

дейді, өзінің жасын қуып айтқан өлеңдерінің бірінде. Осы жолға түсіп кеткенін:

*Ән салып, сері болып талаптандым,  
Тыңдамай ақылын да барлық жанның.  
Бөркіме үкі тағып, сәндеп киіп,  
Жолына түспей кеттім дүние-малдың, —*

деп, қорытады» [6; 184].

1968 жылы жарық көрген «Әдебиет жайлы ойлар» деген кітабында Е.Ысмайылов Ыбырайдың әншілік өнері туралы Омар деген қарияның айтқан лебізін келтіреді: «Мен көпті көрген қариямын... Мен көріп, жақын араласқан кезімде Ақан сері жасы ұлғайғандықтан ба, қалай, салмақты, тазалық пен сыпайылықты тәуір көретін орнықты адам еді, ал Ыбырай болса жын қаққан кісідей, ұшып қонған бір көбелек еді. Үлкенімен үлкен, баламен баладай, қалай болса, солай ойнап-күліп отыратын. Алты қырды күңіренге, ақырын шырқап салған әні айдаһардың лебіндей кімді болса тартып, алды-артын орап, буып тастайтын. Осы күні жұрттың қымызға, сыраға, араққа елтіп мас болғанын көріп жүрсіндер ғой. Ал Ыбырай әнімен, өнерімен бәрімізді де сиқырлап, есімізді тандырып, тамсандырып жіберетін. Нақ желідегі байлаулы құлындай Ыбырайдың өнеріне балқып мас болып, қашан ол тоқтағанша еркімізден айырылып, ешқайда тырп ете алмайтын едік. Мен тоқсан бес жастағы шалмын. Осынша жасағалы Ыбырайға пар келерлік керемет өнер иесін көрген емеспін».

Қазақ арасында ауыз әдебиетті де, әнді де жақсы біліп, оны домбыра не сырнайға қосып айта алатын адамдар ол кезеңдерде аз болмаған. Бірақ, сол көптің ішінде суырылып шығып, халық рақымына бөлену мыңның ішінде бірге ғана тиістілі. Сол біреудің бірі Ыбырай еді. Е.Ысмайыловтың сөзімен айтқанда: «Махаббат, достық, аңшылық заман туралы өлеңдерінің қай-қайсысын алсаң да жаны, көңілі күлім қағып, күмбірлеп күй шертіп, еркелеп, ойнап тұрған жас қауымның дарқан сезім дүниесі жарқырайды. Өмірдің, заманның жеркеништі, бұлдыр жағынан гөрі, адамды көңілді, еркелі

сезімге, сұлулық арманға жетектейтін құбылыстарды дамытып жырлай білу, ақын поэзиясының тарихи мақтаны болмақ».

Филология ғылымдарының докторы С.Негимов «Қазақтың сал-серілері» деген құнды еңбегінде әйгілі әнші ақын туралы былай деп ой тербейді: «Ән мен жырдың көгінде шарықтап самғаған саңлақ атамекен табиғатын, сұлу жаратылысын, ән сазымен аққудың саңқылын, қаздың қаңқылын, шағаланың шаңқылын, тас бұлақтың сылдырап аққанын, айдын көлдің толқығанын, өз басының көңіл-күй құбылыстарын, ішкі жан сарайын, ой-сезім әлемін, интеллектуалдық болмысын, көркемдік-эстетикалық дүниетанымын, замана шындығын әрі нәзік, әрі терең суреттеген. Өлең-жырларының нәзік кестесі, өрнек-нақышы, сыр-сымбаты да сан қилы, нешеме алуан поэзиялық, музыкалық құбылыстарға бай. Саз — келісім жағынан алғанда, біресе жігерлі, серпінді, отты, ойнақы, бұрқыраған қуатқа толы яки жұмсақтығы жібектей әсем әуенді, қоңыр үнді, терең сезімге құрылған я болмаса салтанатты шадыман...

Айтулы әнші-ақын сыршылдыққа, нәзік иірімдерге толы өлеңдермен қатар, өмір, дүние турасында философиялық шынайы толғаныстарға құрылған «Қалдырған» әнін шығарған» [12].

Жоғарыда айтылған пікірлерге біздің қосатынымыз, Үкілі Ыбырай туындыларын жинақтау, зерттеу, жариялау, қайталанбас тұлғасын жаңғырту ісі әрі қарай жалғасын табатыны анық.

*Кәкімбек Салықовтың Ыбекеңнің ақындық ерекшеліктеріне терең талдау жасауы*

2005 жылы көрнекті ақын К.Салықов Ыбырай Сандыбайұлының өлеңдері мен толғау айтыстарын «Гэкку» атты бір кітап етіп (Астана, «Фолиант» баспасы) шығарды.

Бұл жинақта Ыбырай мұраларына қатысты бірсыпыра ақтандақтардың беті ашылып, көбірек дау-дамайға ұшырап келген өлеңдері мен әндері өз орнын тапты. Олар нақтылы дәлелдермен дәйектелді. Әр ән мен өлеңнің шығу тарихы, кімдерден алынғандығы «Түсініктер» тарауында шымыр түйін тапты. Соның нәтижесінде «Аңшының әні», «Қараторғай», «Қызыл асық», «Жиырма бес» төңірегіндегі туындап келген кертартпа дау-дамайларға нақтылы жауап берілді. Мәселен, Кәкең ғажап «Аңшының әні» текстінің Ыбырайдыкі екендігін дәлелдеп, бұл әннің атақты Әсет арқылы Қытай асып барғандығын алға тартты. Жинақта Ыбырай Сандыбайұлының тек әнші, сазгер ғана емес, кең тынысты эпикалық жыршы, тегеурінді айтыскер ақындығы да дәлелденді [13].

Не десек те, бұл жинақ көптен күткен арманды сезіміміздің өтеуіндей сәтті болып шықты.

*Ақынның шәкірттері туралы бірер сөз*

Ыбырайдың ақындық және музыкалық беделінің үлкен болғаны сондай, одан қазақ әдеті бойынша «бата алуға» келеді екен. Белгілі ақын Тайжан бір өлеңінде [6; 201]:

*Халқым сүйіп атымды қойған Тайжан,  
Тайжанға риза болған Арғын-Найман.  
Бұл жерде бір тиын да жұмысым жоқ,  
Бата алғалы келіп ем Ыбырайдан, —*

дейді. Бұған қарағанда Ыбырайдың шәкірттері көп болған сияқты.

Тайжан Қалмағамбетов (1878–1938) — төкпе ақын, әнші-сазгер. Ұлытаудың түлегі. Үкілі Ыбырайдың туған жиені (Ыбырайдың Бопыш (Бөбіш) деген апасынан туған). Сыбызғы мен сырнайды, қобыз бен домбыраны бірдей тартқан. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысқа үн қосып, Амангелді сарбаздарын жырлаған. Жастайынан Біржан сал, Ақан сері, Шәрке сал, Сегіз сері, Балуан Шолақ, Үкілі Ыбырай тәрізді әнші-ақындардың репертуарын игеріп, өзі де ән шығарып айтуға дағдыланған [14].

Тайжан ақынмен Қарсақпайда жарты ай бірге сапарлас болған Сәбит Мұқанов «Есею жылдары» атты шығармасында Тайжанның кескін-келбеті нағашысы Ыбекеңнен аумайтындығын, «әнді екпіндете, құбылдыра, құлаққа жағымды ғып айтуда Ыбырайдың аузынан түсіп қалғандығын» жан толқытарлық сезіммен жазған.

Үкілі Ыбырайдың төл шәкірті — Қазақстанның халық ақыны Молдахмет Тырбиұлы. Оның айтуынша, Ыбекең алдына жан салмаған әншілігімен қатар, қай сайысқа салсаң да дес бермейтін білімдар, тапқыр, ағынды айтыс ақыны. Оған қоса қаламгерлігі де мол, араб, парсы тілінде оқи білген, өте зерек болған көрінеді. Ыбекең хат танығаннан кейін қолына түскен кітапты жаттап аларлық өнер көрсетіпті. «Мұңлық-Зарлық», «Қыз Жібек», «Жүсіп пен Зылиха», «Тотының тоқсан тарауы», «Сейфул Мәлік» іспеттес эпостық, батырлық һәм ғашықтық жырлары мен қисса-

дастандарды жатқа өз әуенімен айта білген. Әсіресе «Ер Тарғын» мен «Мың бір түнді» әнге қосып жатқа айтуға жалықпапты. Кейде қара сырнаймен, кейде үкілі домбырасымен қоса шырқап, поэзияның желісіне қарай ән мақамының өрісін жатық үйлестіре білгені үлкен өнер. Ұзақ дастанды әндеткенде, кейде қолындағы домбырасын жерге қоя салып, тақпақтатып кетіп, отырған жерінен ілгері-кейін жылжып қызғылықты қимылдармен жалықтырмас даланың дара әртісінше тындаған жанды жіпсіз байлағандай баурапты. Бойға қонған жан-жақты өнердің арқасында ауыз әдебиетінен әбден сусындап, жазба әдебиетіне иек артып, өз ақындық өрісін кеңейте білген [7; 8].

Атақты Шал ақынның ұрпағы, ән-жыр десе алдындағы асын ұмытатын Жантілеудің Қошаны Үкілі Ыбырайды соңғы рет көргенін былай қызықты баяндайды: «Әлі есімде соңғы рет ол біздікіне 1930 жылы соқты. Тұңғыш баламыз дүниеге келіп мәре-сәре боп жатқанбыз. Ақын келді дегенде бәріміз өре түрегеліп сыртқа ұмтылды. Мен Ыбекеңе лып етіп қол бердім. Сірә, әкем осыны жақтырмай қалған болуы керек: «Үлкендердің алдын кес-кестемей былай тұр» деп зекіп тастады. Дүйім жұрттың алдында айтылған қатқыл үн жүрегіме дық ете қалды. Оны Ыбекең байқап қалса керек, «Әй, Қошан!» — деді жұрттың назарын өзіне аударып. Сосын домбырасын қағып-қағып жіберді де тақпақтай жөнелді:

*Әй, Қошан,  
Қайғысыз, мұңсыз, сөз болмас,  
Ай жарығы таң болмас,  
Айыр өркеш нар болмас,  
Әкенің сөзі балаға,  
Қаниша ұрысса да ар болмас.*

Жиналған жұрт күлісіп жатыр. Мен де енді жадырап, ақынның атын жайғастыруға кірістім.

Сол жолы Ыбекең біздікіне екі-үш күн жатып қалды. Бұрынғыдай емес, домбырасына да қолын сирек созатын секілді. Жайшылықта тойдан тойға шүйгі беретін ақынның көңілі неден кір шалды? Ақынның әлденеге алаңдап жүргені ақиқат еді. Оны әкем де аңғарыпты. Бірде мені оңаша алып шығып: «Ыбекеңді көп мазалай берме, біреулер жала жауып, сотты соңына салып қойған көрінеді», — деді.

Айтқандай арада біраз уақыт өткеннен кейін ауылға «ақын тұтқындалыпты» деген хабар жетті. Сол екен әкемнен дегбір кетті. «Ешкімге қиянаты жоқ адал жан еді, нақақтан күймесе жарар еді?!» деп көңіліндегі күдігін де жасыра алмай уһілей берген ол. Содан жұрттан сұрастырып жүріп әкем ақынның қазақтар қалашығында екенін біліпті. «Қошан, сен ақынға барып амандық-саулығын біліп қайт», — деді ол бір күні. Сөйтіп, мен Қазгородокқа келдім. Ақынның қамалғаны рас екен. Әркімнен «қалай кездесуге болады?» деп сыр суыртпақтап едім, ешкім ештеңе айта алмады. Өстіп тауым шағылып, үйге қайтқалы тұрғанымда, жүзі таныс бір жанның кездесе кеткені бар емес пе? Жаттым да жабыстым. Оның қызметі осы маңда екен.

– Бастықпен сөйлесіп көрейін, — деді ол.

Арада екі күн өткенде, әйтеуір не керек ақынмен жолығудың сәті түсті. Ол биік дуалдың түпкір жағында жалғыз отыр екен. Жақындап келіп сәлем бердім. Асықпай басын көтерді де, мені көргенде кірпік қақпай отырып қалды.

– Уа, Қошанбысың, қайдан жүрсің? Ол мені бауырына басып, ұзақ уақыт босатпады. Амандық сұрасып болғаннан кейін елден әкелген сәлем-сауқатымды алдына жайдым...

Біз Ыбыраймен қоштасар сәттегі әңгімесін одан әрі жалғастырса деп отырмыз.

– Ыбекеңнен басқа ештеме қалған жоқ па? — дедік сәлден соң сабырсызданып.

– Неге қалмасын. Оның өлеңдерін осы күні екінің бірі айтып жүр ғой. Ал маған Ыбекеңнің сол жолы шарт жүгініп отырып айтқан мына бір жолдары өте қымбат. Тыңдасандар айтып берейін:

*Танытайын өзімнің.  
Кім екенімді анықтап.  
Бақшадағы бұлбұл ем,  
Сайрап ұшқан қалықтап.  
Жақсыға толды жан-жағым.  
Қаумалап халқым келгенде,  
Қиянға қанат қолдадым.*

*Құлашты қалай сермейін,  
Қысқарып өріс тұрғанда.  
Биікке қалай өрлейін,  
Асылды білмес наданды,  
Айтып қалай жөндейін.  
Туысынан жаманды,  
Үшкіріп қалай емдейін?*

Осы өлеңді мүдірмей айтып шыққан Қошекең үнсіз отырып қалған еді...» [15; 2].

Қызылжар, Көкше өңірінде Үкілі Ыбырайдың жолын қуып, оның ақындық, әншілік дәстүрін жалғастырғандар аз болған жоқ. Солардың ішінде көзі тірісінде халық ақыны атанған Игібай Әлібаевтың шоқтығы биік болған.

Жазушы Ж.Сүлейменов «Аққуға аспандағы үнін қосқан» атты мақаласында [11; 6] Иекеннің ұстазы Ыбырай туралы бір жиында айтқан әңгімесін келтірген: «1921 жылы Қызылжар қаласында мектеп ашылып, әкем мені сонда оқуға берді.

Ыбырай Сандыбаевтың баласы Өстемірмен осында таныстым, екеуміз дос болып кеттік. Уақыт осылай өте берді. 1922 жылдың көктемінде Өстемір «әкем келді» деді. Ыбекенді көру, одан ән үйрену арманым еді, оны Өстемір де білетін, сабақтан кейін: «Жүр, әкем Партизан көшесіндегі Болат деген шалдың үйіне түсіпті, сонда барайық», — деді.

Ыбекең орта бойлы, толықша келген, онша иықты емес, шоқша сақалды, сүйір иек, мұрны домалақтау, қой көзді, кең алқым, қара торы кісі екен. Алқымының жуандығы соншалық, иегі көрінбеуге жақын. Үстінде жеңсіз қара қамзол, ақ көйлек, басында тебетей. Қонақасы ішілген соң Ыбекең домбырасын қолға алды. Кішкене ғана қара домбыра, қағып-қағып жібергенде үй ішіндегілер сілтідей тына қалды. Біресе әнге, біресе термеге басып, жиналғандарды баурап алған Ыбекең қыз-қыз «Бұрамаға» басты. Жадымда мәңгі жатталып қалған оқиғалардың бірі осы.

Қорыта айтқанда, ізбасар шәкірттерінің Үкілі Ыбырай өлеңдерінің ұмытылмай бүгінгі ұрпаққа жетуіне сіңірген еңбегі өте зор. Әсіресе Ыбекеннің әндерін шалқыта шырқаған, оның өнерпаздық болмысын, дархан дарынын, ұстаздық тағылымын кейінгі ұрпақтарына сипаттап жеткізген — Шәкен, Молдахмет, Игібай, Шомат, Әбіқай, Сұраған, Беркімбай, Мұқан, Хамит сынды өресі биік ізгі жандардың асыл еңбегін ілтипатпен еске алған дұрыс.

#### *Абзал ақынның «қара тізімге» ілігуінің себептері*

Енді ақын өмірінің қаралы беттері іспеттес іске үңілейік. Бүгінге дейін жариялылық сәулесін қалқалап келген НКВД мұрағатының түндігін ашқан кезде мынадай көптеген бұлыңғыр мәселелерді айқындауға мүмкіндік туды.

Үкілі Ыбыраймен аталас Шаймұқан деген біреу болады. Ол шаш ал десе, бас алатын шолақ белсенді болып, елдің шырқын бұзған. Бірақ Ыбекең туысының болымсыз тірлігін түзеп, дәйім қолтығына тартумен болған. Екеуінің іргесі ажырамаған. Бірге көшкен, бірге қонған. Қашанда әнші үйі күнде думан, оның қонағы да сыйлы, қадірлі адамында шек жоқ, ағылып бірінен соң бірі келеді де жатады. Әлгі Шаймұқан осы ду-дудың қайнаған ішінде жүреді. Мұндай жиын өз үйінде жоқ. Өзгеге болсын демейтін байғұс Үкілі Ыбырайдың дастарханын, сайран тірлігін көре алмайды. Жыбырлап өсек қылады, жалған сөз таратады. Бұл ғайбатқа шыдап үндемей-ақ жүрген Ыбырай бір жолы оған:

*Әр түрлі тілек, мақсұт бар болған соң,  
Тірлікте сөйлер тілің нар болған соң,  
Жігіттер, дер кезінде сөйле де қал,  
Күрілдеп отырарсың шал болған соң.  
Әр адам өз ісінен шамалайды,  
Білмеген дос көңілін жаралайды.  
Неше жыл тәрбиелеп асыраған  
Кей ит те иесіне абалайды, —*

дейді («Білмеген дос көңілін жаралайды» деген өлеңі [9; 100]).

Осы сөзден кейін Шаймұқанның ішіне қан қатады. Үкілі Ыбырай «Советке қарсы» деген сөз шығарады. Ақыры, Ыбекеңнің түбіне өзгені былай қойғанда, өз туысы Шаймұқан жетеді. Ол Толай дегеннің өтірік жаласына жел беріп әйгілі ақынды ұстатып тынады.

1994 жылдың шілде айының тоғызыншы күнгі санында «Бурабай» газетінің бетінде «Үкілі Ыбырай қалай қуғындалды?» деген мақала жарияланды. Мақалада былай деп жазылған: «...Мемлекеттік Саяси Басқармасының (ГПУ) бұрынғы Айыртау аудандық өкілі Жұмабай Шаяхметов жүргізген бұл іс 1930 жылғы қарашаның 4-інде қозғалған. Нақ сол күні 72 жасар Ыбырай Сандыбаев қамауға алынады. Сонда оған қандай айып тағылады? Бұл арада басын ашып алатын бір жай ақынның ісі 1921 жылғы оқиғаларға байланысты жүргізілген. Одан жауапты Шаяхметовтың өзі алған. Ол Ыбырай Сандыбаевқа алғашқы кездесуде «Колхоз құрылысына қарсы үгіт-насихат таратқаны» үшін жауапқа тартылатынын хабарлаған...» [15; 2].

Кейін осы жалаға неше түрлі пәле жамалып, халқына қуаныш сыйлаудан басқа ой-мақсаты болмаған абзал ақынның мойнына бірнеше кінәлар қойылған. Негізгілерін жүйелеп келтірсе, былайша топтастыруға лайық [16]:

1) Кеңес үкіметі келгенге дейін де, келгеннен кейін де әрдайым бай-жуандар жағынан табылған, жыртысын жыртып, сойылын соққан.

2) Кедей-кемтар, жарлы-жақыбайларға зорлық-зомбылық жасаған.

3) Кеңес үкіметіне қас-дұшпан болған. Теріс үгіт, өтірік, өсек таратуда шашасына шаң жұқпаған.

4) Мал да ортақ, жан да ортақ, әйел де ортақ деп өсек жайып, жұртты қатты шошындырған. Соның әсерінен «Қайнар» колхозы тарап кеткен.

5) Елді ру-руға, ата-атаға бөліп, бірді-бірге айдап салып, атыстырып-шабыстырып, араға ши жүгіртіп іріткі салған. Ағайынды қырық пышақ қып қырылыстырып, жауластыруға да тым шебер болған.

6) Жиенәлин Каденнің әйелін немере інісі Шалғымбаев Дәуітке тартып әперген.

Істе тағылған айыптан басқа табан тірерлік деректер жоқ. Халық мұңын өлең жолдарына түсірген ақынды ұлғайған жасына қарамастан, Кеңес үкіметінің ұстанған бағыт-бағдарына қарсы деген айыппен соттаған. 1930 жылғы 20 қарашада Солтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік Саяси Басқармасының (ОГПУ) Қаулысы бойынша «Үштік» Ыбырай Сандыбайұлын ату жазасына кесіп, мал-мүлкін конфискулеу жөнінде үкім шығарған. Бірақ кейін осы үкім бұзылып, ақын он жылға бас еркінен айырылады. Жазасын өтеу үшін Қиыр Шығыс лагеріне жіберіледі. Міне, осыдан кейін оны көрдім, білдім деген адам болған емес.

*Ақынның түрмеде жатып елге өлеңмен жазған соңғы хаты*

Тұтқындалып абақтыда біраз жатқаннан кейін Ыбыраймен бірге тұтқындалған екі жігіт елге қайтатын болады. Содан олар Ыбекене келіп:

– Ал, енді біз елге қайтатын болдық, елге айтатын қандай сәлеміңіз бар, ала барайық, — дейді. Сонда тар қапас ішінде кеудесін шер мен мұң басқан ерке ақын өлеңмен хат жазған екен. Сол күннің қасіреті Үкілі Ыбырай жүрегінің ең соңғы лебізін былай жеткізген еді [17]:

*Атығай мен Қарауыл,  
Бірің — тіл, бірің — көмейсің.  
Жақындығың осындай,  
Қайтып маған өгейсің.  
Адасқанға әл беріп,  
Әлсіздерді демейсің.  
Жетімдерді жетелеп,  
Нашардың хақын жемейсің.  
Нәсілге тартып сендер де,  
Елдің қамын жегейсің.  
Сөз тыңдасаң өреннен,  
Алайын тартып тереңнен,  
Артымда қалған балалар,  
Ыбырай айтты дегейсің.*

*Солай болса, қарағым,  
Көрейінші шарықтап.  
Тыңдаушысы табылса,  
Ақын қайдан жалықпақ.*

Танытайын өзімді.  
Кім екенімді анықтап.  
Бақшадағы бұлбұл ем,  
Адасқанда әл беріп  
Сайрап ұшқан қалықтап,  
Елдің көркі сері едім,  
Көтерген халқым мадақтап,  
Шарықтап шарлап кетсең де,  
Ұлғайып жасың жетсе де,  
Оңай екен, шырағым,  
Пәлеге басың жолықпақ.

Еркелетіп ел сүйіп,  
Атанып едім Саңлағың.  
Сөз нәсілін төккенде  
Қыран құстай самғадым.  
Ел арасы бас қосса  
Жақсыға толды жан-жағым,  
Қаумалап халқым келгенде  
Қияға қанат қомдадым.  
Мырзалардан ат-айғыр  
Алудан да таймадым.  
Сақал-мұрттың ағында,  
Өлерімнің шағында,  
ГПУ деген мекеме  
Ішінде ұстады қамбаның.

Ал, ағайынды екеуің  
Рулы бір елдейсің.  
Құмар болып сөзіме  
Өлең жазып бер дейсің.  
Тар қапаста отырып,  
Құлашты қалай сермейсің?  
Қысқартып заман тұрғанда,  
Биікке қалай өрлейсің?  
Асылды білмес наданды  
Айтып қалай жөндейсің?  
Туысқаннан шыққан жаманды  
Үшкіріп қалай емдейсің?  
Қалдырғаным осы артыма,  
Айтып жүрсін халқыма.  
Аузының ебі бар еді,  
Беркімбайға бергейсің!

Атығай елінің екі адамы осы хатты Үкілі Ыбырайдың шәкірті, әнші Беркімбайға әкеліп тапсырады.

Беркімбайдың әкесі Нұрым орта шаруа болған кісі. Нұрымның жұбайы Сәлима сол тұстағы ірі өнер иелерінің бірі болғанға ұқсайды. Гажап домбырашы, сұлу үнді әнші болған ананың өнердегі тәрбиесі Беркімбайдың етімен еніп, сүйек сүбесіне дарығандығы шындық. Сол тұстағы салттан мейір кандыра сусындап, дәстүрдің озық тұстарын бойға дарыта білген бозбала Беркімбай сал-серілікке құлаш ұрған. Оған себеп сонау Жамантау баурайынан самғай көтерілген Үкілі Ыбырайдың соңынан еруі, қасынан табылып, бірге жүруі болған.

Беркімбай да Ыбырай ұстазы тартқан тауқымет, тақсіреттен тысқары қала алмаған. 1928 жылғы тәркілеуге іліккен Нығметжан, Тәшендерден кейін үкімет сойылы орта шаруаларға сілтенгенде Нұрекең шаңырағы да шайқалған. Беркімбай бай баласы деген сөзге ілігіп қудаланған, Көкшетау

түрмесіне де қамалған. Бұған Бекеннің «халық жауы» Үкілі Ыбырайдың қасында болғандығы, жүрген жерінде соның әндерін айтатындығы айып болып қоса таңылған [18].

Қуаныштысы сол, Ыбырайдың көптеген жауһар ән жинақтарын Беркімбаев Нұрымұлы (Атығай руынан) бүгінгі көпке жеткізіп кетті. Ұстазының түрмеде жатып жолдаған соңғы сәлем аманатын, яғни: «Аузының ебі бар еді, Беркімбаев бергейсің» деген өсиетін жерде қалдырмады. Қабырғалы әнші Беркімбаев (1953 жылы дүниесін салды) атақты сазгер мұрасын барынша насихаттады. Ұлы дәстүрдің үзілмей жаңа үрдіспен ұштасуына дәнекер бола білді.

*С.Мұқановтың Ыбырайдың ісін қайта қарау жөнінде жазған өтініш-хаты*

Тәуелсіздіктің арқасында ала құйын заманда халқынан көз жазып қалған талай боздақтардың адал есімдері қалпына келтірілуде. Ал Ыбекең болса бұл өмірге екінші рет олардан сәл ертерек оралды. Оған себепші болған Сәбит Мұқанов еді.

Сәбең 1959 жылдың 25 қарашасында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Н.Жанділдинге Ыбырай Сандыбаевтың ісін қайта қарау жөнінде мынадай хат жолдады [19]:

«СЕКРЕТАРИО ЦК КП КАЗАХСТАНА  
товарищу Джандильдину Н.  
от Сабита Муканова

ЗАПИСКА

В этой записке я решил доложить о том, о чем мы говорили с Вами недавно в личной беседе.

В нынешнем Айыртауском районе Кокчетавской области жил один из известнейших казахских акынов и композиторов Ибраһим Сандыбаев. В 1929 году, на старости лет, он был «раскулачен», арестован и, говорят, вскоре умер в заключении.

Я, как Вы знаете, никогда не был мягкосердечным по отношению к классовым врагам... Ибраһим Сандыбаеву я относился бы так же, если бы не знал его хорошо, как настоящего советского человека. Здесь же должен оговориться, что никаких родственных или иных отношений у меня с ним нет. Обратиться к Вам меня побуждают соображения человеческие и партийные...».

Сәбең бұдан әрі Ыбырайды қашан һәм қандай жағдайда көргенін, өнеріне тәнті болғанын және де халқының оған деген сүйіспеншілігі мен аса зор құрметін қысқаша сипаттайды. Тіпті, арғы ата-тегі де қозғап өтеді. Сөйтеді де өз сөзінің салмағын арттыра:

«В советское время Ибраһим первым из акынов (даже раньше Джамбула) воспел Октябрьскую революцию и вождя пролетариата Ленина, — деп нығыздай бір басып өтіп барып. — Справедливость требует, чтобы народный акын Ибраһим Сандыбаев был реабилитирован», — деп нығарлай түейді.

Депутат Верховного Совета  
Казахской ССР,  
член ЦК КП Казахстана  
Сабит Муканов

Қазақстан компартиясы Орталық Комитеті жазушының бұл хатын ескерусіз қалдырған жоқ. Республика прокуратурасына істің анық-қанығына жету тапсырылады.

Үкілі Ыбырайдың қылмысты ісін қайта қарау 1960 жылы тергеуші Уәлихан Мұқаевқа жүктелді. «Архивте көтерілген бұл іс онша қалың емес, қағаздары аз екен. Ыбырайға тағылған айыптың деректері дәлелсіз, үкімі орынсыз екеніне бірден көзім жетті», — дейді Уәкең өз естелігінде. Осы іс-қағаздарының ішінде акынның мына өлеңі барын тілге тиек етеді:

*Ақын Ыбырай сөйлесін:  
Қайғысыз, мұңсыз жан болмас,  
Ай жарығы таң болмас,  
Қара су қайнап, бал болмас,  
Жақсының пейілі тар болмас.  
Атаның сөзі балаға  
Қанша ұрыссаң да ар болмас.  
Түрі бірдей болса да,*

*Желең мен шапан нар болмас.  
Көлденең тапқан жолдасың  
Жанқияр жолдас, жар болмас.  
Бозқырау қалың қар болмас,  
Ит көбейіп, мал болмас,  
Желке тәтті жсал болмас.  
Өзіңнен тумай, ұл болмас,  
Сатып алмай, құл болмас.  
Жаман мен жақсы бір болмас,  
Келістірмей жыр болмас,  
Жақсының көңілі кір болмас.  
Қара нар жасып қартайса,  
Күні өткен соң нұл болмас.  
Біткен істе мін болмас,  
Қу алған құста сын болмас.  
Бірлік қонған ауылда  
Шуылдаған үн болмас.  
Аспанда құс боп ұшсаң да,  
Дүниесіз күн болмас.  
Адал жолдан адасқан  
Ұрының сөзі шын болмас.  
Ыбырай ақын атанып,  
Алтыс бес жасқа таянып,  
Басқармаға келгенде,  
Үндемей кету жөн болмас!*

Уәкең Ыбырай Сандыбайұлының ісін мұқият қарап, тергеу барысында жіберілген ағаттықтарды айғақтайды да, сот орындарына оны ақтау жөнінде ұйғарымға келген қаулысын жібереді [20;72].

1960 жылдың сәуірінде Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі Сот алқасы осы мәселені қарауға жиналды. Қазақ КСР-інің Жоғарғы Соты Ыбырай Сандыбаев 1930 жылғы 20 қарашада ешқандай негізсіз сотталған деп тапты және оны айыптайтын ешқандай айғақтар, куәлер болмауына байланысты қанды үкімнің күшін жойды. Әйгілі ақынның нақақ жала мен жазықсыз жазадан аруағы ақталып, аты халқымен қайта қауышты.

#### *Түйін*

Қазақ халқы өзінің бұлбұл әуезді әншісі, ақиық ақыны Үкілі Ыбырайдың күндердің күнінде ақталарын, тарих, әділет алдында жүзінің жарқын болатын сәтті күнін күйзеле іздеп, аңсап жүріп, төзіммен күткен еді. Ақыры шындық жеңді.

Өкінішке орай, елдің еркесі, асылы, ақыл иесі, әрі өжет, әрі тентек Ыбырай Сандыбайұлы: «Әулиесі бақсының қараса да, жүрегімді жазуға табылмас ем»,— деп күңіреніп, күйініп кетті. Оның жан жарасын жазатын ем — елдің ауқатты тұрмысы, халықтың бостандығы еді. Тоқсаныншы жылдардың басында ұлы Отанымыз — Қазақстан тәуелсіз ел болып, аз ғана уақытта өтпелі кезеңнің тығырығынан аман-есен өтіп келе жатыр.

Келешекке деген үмітті арттыру жолында және болашақта сол қуанышты күндерге жету жолында тоталитарлық қырғынның құрбаны болған ұлы композитор, әйгілі әнші, дүлдүл ақын, елім деп еңіреп жүріп, асыл арман жолында мерт болған табанды қайраткер Үкілі Ыбырай Сандыбайұлының киелі есімін ардақтай түсуіміз өте орынды, әрине. Өйткені, ойлап қарасақ, Үкілі Ыбырай зұлмат кезеңнің қаһарлы қиянатына ұшырап, қаза тапқандардың алдыңғы қатарында қалың шер, шемен жұтып кеткен ардағымыз. Ол қасіретті қырғынның ажал оғы тиген ардақты арыстарымыздың, рухани қайраткерлеріміздің қарлығашы болып өтті. Оның есімі бұл тұрғыдан карағанда қанды репрессияға ұшырағандарды айтқанда қайраткер ақын, ұлы композитор, дүлдүл әнші ретінде тізімнің бас жағында тұруы керек. Сондықтан да Ыбырай Сандыбайұлын мәңгі еске сақтауға атсалысайық, ағайын, демекпін!

## Әдебиеттер тізімі

- 1 *Оразалы Ш.* Шежіре — асыл мұра. — Астана: Astana press group, 2010. — 309-б.
- 2 XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. (Казан төңкерісіне дейінгі дәуір). — Алматы: Ғылым, 1994. — 312-б.
- 3 *Салықов К.* Гәкку // Егемен Қазақстан. — 2009. — 17 ақп. — 5-б.
- 4 *Мырзахметұлы Е.* Үкілі Ыбырай: Тергеу. Үкім. Ақиқат пен аңыздар. (Соңы) // Жаңа Сарыарқа. — 2006. — № 3 (86). — 63-б.
- 5 *Салықов К.* Үкілі Ыбырай туралы үзік сыр // Егемен Қазақстан. — 2003. — 25 маус. — 9-б.
- 6 *Жұбанов А.* Замана бұлбұлдары. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 440-б.
- 7 *Салықов К.* Үкілі Ыбырай // Егемен Қазақстан. — 2010. — 24 қараша. — 8-б.
- 8 Қазақ әндерінің антологиясы: Екі томдық. — 1-т. / Құраст. Ж.Кәрменов. — Алматы: Өнер, 1990. — 321-б.
- 9 Қазақ поэзиясының антологиясы (XX ғасырдың бас кезі). — Алматы: Ғылым, 1992. — 448-б.
- 10 *Сейфуллин С.* Көкшетау: Жыр-дастандар. — Алматы: Жазушы, 1994. — 129, 130-б.
- 11 *Сүлейменов Ж.* Аққуға аспандағы үнін қосқан // Қазақ әдебиеті. — 2010. — № 25 (3189). — 25 мау. — 6-б.
- 12 *Негимов С.* Қазақтың сал-серілері. Ғылыми эсселер. — Алматы: Ана тілі, 2005. — 27-б.
- 13 *Қажыбай Т.* «Гәккулетіп» қайта оралды Үкілім // Ел. — 2005. — 8-15 қырк. — № 10 (10). — 6-б.
- 14 Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. — Алматы: Атамұра, 2006. — 490-б.
- 15 *Қайырбеков Е., Сүлейменов Ж.* Үкілі Ыбырай қалай қуғындалды? // Бурабай. — 1994. — 9 шілде. — 2-4-б.
- 16 *Мырзахметұлы Е.* Үкілі Ыбырай: Тергеу. Үкім. Ақиқат пен аңыздар // Жаңа Сарыарқа. — 2006. — № 1 (84). — 57, 58-б.
- 17 *Бекенов Ж.* Түрмеден хат // Жұлдыз. — 1991. — № 1. — 199, 200-б.
- 18 *Қажыбай Т.* Үкілі Ыбырайдың шәкірті, немесе Осы жұрт Беркімбайды біле ме? // Егемен Қазақстан. — 2002. — 29 қараша. — 8-б.
- 19 *Мырзахметұлы Е.* Үкілі Ыбырай: Тергеу. Үкім. Ақиқат пен аңыздар // Жаңа Сарыарқа. — 2006. — № 2 (85). — 62-б.
- 20 *Әкімжанов З.* Арыстарды ақтауға атсалысқан азамат // Жұлдыз. — 2010. — № 5. — 72-б.

Р.С.Каренов

**О жизни и творческой деятельности Ибрая Сандыбайұлы**

В статье даны обобщенные сведения о жизни и деятельности одаренного поэта, певца и композитора Ибрая Сандыбаева. Отмечено, что его разносторонний талант проявился рано. Еще в молодости он получил известность благодаря своему импровизаторскому таланту, чудесному голосу, композиторским способностям. Подчеркнуто, что хотя он и стал в свое время легендарной личностью, но жизнь его была трудной, отмечена многими горестями. В начале тридцатых годов прошлого столетия выдающийся поэт подвергся гонениям и был репрессирован. Показана яркая и трагическая судьба Ибрая Сандыбайұлы, оставившая глубокий след в памяти народа. Сделан вывод о том, что в казахской литературе образ этого удивительного человека стал основой для создания повестей, новелл, статей, драм, поэм.

The generalized information on life and activity of the gifted poet, the singer and composer Ibray Sandybayev is supplied. It is noted that his versatile talent was shown early. It is proved that else in youth he received popularity thanks to the improvisatory talent, a wonderful voice, composer abilities. It is emphasized that though he became in due time the legendary personality, but his life was difficult, with many sorrows. The fact that the outstanding poet underwent persecutions and was subjected to repression in the early thirties of the last century is shown. It is specified that Ibray Sandybayuly's bright and tragic destiny left a deep impression in people's memory. It is concluded that in Kazakh literature the image of this remarkable man was the basis for creating novels, short stories, articles, dramas, poems.